10 ЖАТАҚХАНАДА ТҰРУ АҚЫСЫН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР

10.1 "АТУ" АҚ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес, ағымдағы оқу жылында жатақханада тұру құны бірінші қыркүйектен кешіктірмей шығарылатын "АТУ" АҚ Ректорының бұйрығымен бекітіледі**.**

10.2 Коммуналдық және басқа да қызметтер бағасының өсуіне байланысты "АТУ" АҚ жатақханаларда тұру ақысын жылына бір рет қайта қарауға құқылы.

10.3 Жатақханада тұрғаны үшін төленген қаражатты есептеу мен төлемді есепке алуды "АТУ" АҚ студенттік жатақханасында тұру шарты негізінде ЭжБЖБ жүргізеді.

10.4 Қыркүйек айындағы тіркелу күніне қарамастан, «АТУ» АҚ студенттік жатақханасында тұру шартында жатақханада тұру төлемі ағымдағы оқу жылына (10 ай) тұтастай есептеледі және келесі ретпен жүргізіледі:

10.4.1 білім алушы жатақханада тұру құнының 50%-ын "АТУ" АҚ студенттік жатақханасында тұру шартын жасасқан кезде төлейді;

10.4.2 білім алушы жатақханада тұру құнының қалған 50%-ын қысқы емтихан сессиясы басталғанға дейін төлеуге міндетті;

10.4.3 көршілес елдердегі (алыс шетелдерді қоспағанда) қазақ диаспорасының білім алушылары ай сайын тең үлестермен төлейді.

10.4.4 төлем "АТУ" АҚ есеп айырысу шотына қаражат аудару арқылы жүзеге асырылады. Тиісті факультеттердің деканаттары білім алушылардың жатақханада тұрғаны үшін төлемдерді уақтылы төлеуін қадағалайды, ал білім алушылардан "АТУ" АҚ-ның есепшоттарына түскен қаражатты есепке алу мен бақылауды ЭжБЖБ және БЕжЕББ жүзеге асырады;

10.4.5 білім алушы-жетімдер мен жеңілдіктерге құқық беретін жекелеген аурулар (онкологиялық аурулар және т.б.) бойынша есепте тұрған білім алушылар тұрғаны үшін төлемнен босатылады;

10.4.6 бала кезінен мүгедек білім алушыларға, I және II топтағы мүгедектерге жатақханаларда тұрғаны үшін ағымдағы оқу жылы үшін белгіленген төлем құнынан 50% мөлшерінде жеңілдік беріледі;

10.4.7 ТЖ проректоры мәртебесін растаған жағдайда, студенттік қоғамдық ұйымдарының, қызығушылық клубтарының жетекшілеріне және жатақхананың студенттік кеңесінің төрағаларына, жатақханада тұрғаны үшін ағымдағы оқу жылы үшін белгіленген төлем құнынан 25%-ға дейін жеңілдік берілуі мүмкін.